**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ 2021 – 2022 оқу жылындағы психологиялық қызмет бойынша Атқарылған бірінші жартыжылдық жұмыстың есебі**

Жаңа оқу жылында біздің жұмысымыз 1- сынып оқушыларының арасында оқушыларды бақылаудан өткізуден басталды. 1 «А» сыныбында 23 оқушы сынақтан өтті, сынақ қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін кестеден байқауға болады жоғарғы деңгейде 55%, орташа деңгей 35%, төменгі деңгей 13% құрайды. Қыркүйек айында ZOOM платформасы бойынша 1,5 сынып ата-аналарымен танысып, дәріс оқылды және психологиялық кеңес берілді. Сондай-ақ, 1,5 сынып оқушыларына психологиялық адаптациялық сауалнамалар (Керн Ийрасик, Н.Г.Луканова, Социометрия) жүргізіліп қорытындысы шығарылды. Мақсаты: жаңа келген оқушылардың мектептегі оқуға психологиялық дайындығын анықтау, жаңа дағдыға тез бейделуіне жағдай жасау, өз-өзін бағалауына көмек көрсету. Мектеп оқушыларымен әңгіме, кеңес беру, сұхбат түрінде танысу жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында даярлық топ бүлдіршіндеріне тәрбиешісімен бірге психокоррекциялық «Суреттей біл», «Отбасы суреті» ойындарын жүргізілді, мақсаты. Бүлдіршіндердің таным процестерін қорумен ойлау қаблеттерін дамыту.

10,11 сынып оқушыларына арналған "Менің таңдаған мамандығым", «Климов тесті» атты психологиялық тест жүргізілді. Мақсаты: мамандық таңдаудың негізгі шарттарымен таныстыру. Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу. Әңгіме, сұхбат жүргізілді, оқушылардың мамандық таңдауғакеңес беру мақсатында. Қыркүйек айында ZOOM платформасымен 8 сынып ата-аналарын жеке жиналысқа жинап «Жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығын нығайту және суицид превенциясы» бағдарламасы аясында ата-аналардың келісімдері алынды. Осы бағдарлама аясында мектеп вахтерлеріне 3 дәріс жүргізілді. 8-11сынып аралығында онлайн тест алынды, тәуекел топ анықталған оқушылармен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізіліп, жеке жұмыс жоспар құрылды.

Қазан айында 1-5 сыныптар арасында «Баспалдақ», «Кактус» әдістемелерін жүргізідім, 5-8 сыныптар арасында «Құқық бұзушылықты алдын алу», «Өмір қымбатсың маған» атты тренингтер жүргізілді. Мақсаты: бір – біріне деген сенімділік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру, психологиялық қолдау көрсету, шығармашылыкқа бағыт беру.

II тоқсан бойынша қараша, желтоқсан айларында арнайы жоспар жасалынып, жұмыстар жүргізілді. Жыл көлемінде жоспарлы түрде оқушыларға жеке және топтық кеңестер беріліп тұрды, жеке мәселесімен келген оқушылар құпиялы түрде психологтың журналына тіркеуге алынып кеңестер беріп отырамын. Атап айтсам, 6,7 сынып оқушыларымен кездескен қиындықтардың шешімін тауып, дұрыс жолға бағыттадық.

5-9 сынып оқушыларымен «Аландатушылықты анықтау, Филилипс тесті», «Агрессивтіліліктi анықтау, Баса-дарк әдістемесі» жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың мазасыздығын анықтау. 1-4 сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу әдістемелері жүргізілді. 5-11 сынып аралығында «зорлық зомбылықтың алдын алу», ал 5-8 сынып аралығына «зиянды әдеттердің алдын алу» бойынша жұмыстар орндалды. Жорғарғы сынып оқушыларынан сауалнама, «Салауатты өмір салты», «Сенімділік серігім» атты тренингтер өтті. «Суицид» оқиғаларының алдын алу мақсатында шаралар жасалынып, профилактикалық кеңестер, сауалнама бақылау, тренинг сабақтар өткізілді.

Сонымен қатар, мектепішілік, директор жанындағы кеңесте «Қиын балалармен жұмыс», «1,5 сынып оқушыларының бейімделуі», «Инклюзивті білім беру ерекшеліктері», «10-шы сыныпта жалпы-сыныптық бақылау қорытындысы» бойынша отырыстар жүргізілді.

Желтоқсан айында 5-11 сынып арасында жасырын сауалнама алынды, бопсалау деректерін анықтау мақсатында. «Вейп- денсаулыққа зиян» тақырыбына 7-11 сынып аралығында сауалнама, тренингтер өткізілді. Сондай-ақ, дарынды оқушылармен жұмыс және өзін-өзі бағалау әдістемелерін жүргізілді.

Мектеп директоры Р.Смағулова

Мектеп психологы А.Жамантаева